

ТӘРБИЕЛЕУ-БІЛІМ БЕРУ ПРОЦЕСІНІҢ ЦИКЛОГРАММАСЫ

Білім беру ұйымы «Бөбек лүпілі» жеке меншік балабақшасы.

Топ: кіші жас топ «Балдырған»

Балалардың жасы: 2 жастан

Жоспардың құрылу кезеңі: 06.11 - 10.11.2023ж.

Педагогтың аты-жөні Далабаева.М.Қ.

Апта күндері	Дүйсенбі	Сейсенбі	Сәрсенбі	Бейсенбі	Жұма
Балаларды қабылдау	Таңғы сүзгі: балалардың терісін, дене қызуын, сыртқы көрінісін тексеру. Балаларды жақсы көңіл күймен қарсы алу және оларға қолайлы жағдай жасау. Баланың көңіл күйін, оның жеке пікірін, қызығушылығын анықтау. (сөйлеуді дамыту)				
Ата-аналармен немесе баланың басқа заңды өкілдерімен кеңес, әңгімелесу	Әңгімелесу: "Баланы бағдаршаммен таныстыру", "Көліктің негізгі құрылымы", "Баламен жол жүру және жол жүру ережесі".				
Балалардың дербес әрекеті (аз қимылды, үстел үсті ойындары, бейнелеу іс-әрекеті, кітаптарды қарау және	"Еңбекке баулу" Мақсат-міндеттері. Табиғат бұрышындағы өсімдіктерге көңіл аудару, сарғайып құрап қалған жапырақтарды үзіп	"Еңбекке баулу" Мақсат-міндеттері. Ойын бұрыштарында тұрған ойыншықтардың бірімен ойнау туралы қалауын айтуды, көрсетуді, атауды	"Еңбекке баулу" Мақсат-міндеттері. Үстел ойындары бұрышындағы сөренің шаңын сүрту және ойыннан кейін бөлшектерді орнына салудың үлгісін	"Еңбекке баулу" Мақсат-міндеттері. Жуыну бөлмесінде жуыну әдебінің үлгісін көрсету; қолдарын сабындауға көмектесу, су ағымы	"Еңбекке баулу" Мақсат-міндеттері. Табиғат бұрышындағы балықтарға жем беру үлгісін көрсету; балықтардың дене мүшелеріне,

басқалар)	алып тастау әрекетіне көңіл аудару; сұқұйғыш арқылы суаруды көрсету.	үйрету, ойыннан кейін өз орнын жинауға ынталандыру, мақтау.	көрсету; ойыншықтармен тазалықта ойнау туралы түсіндіру.	астына қолды қоюды қадағалау; қолды сүлгімен сүртуді көрсету; тазалық сақтау қажеттілігі туралы түсіндіру; орамалдың ілетін орнын (суретін) көрсету.	қимылына, қоректену әрекеттеріне көңіл аудару; бақылағыштыққа тәрбиелеу.
	"Көліктерге дөңгелектерді салып бер" дидактикалық ойыны. Мақсат-міндеттері. Балаларды көлемі әртүрлі көліктердің кескіндері көлеміне сай дөңгелектерді таңдап, салып беруге ынталандыру; қолдың ұсақ моторикасын, көзбен мөлшерлеу, қабылдау, ойлау қабілеттерін дамыту.	Үстел үсті ойын. "Бағдаршам". Мақсат-міндеттері. Түсі үш түрлі, көлемі біркелкі дөңгелектерден бағдаршамды үстелде құрастыруға ынталандыру; қолдың ұсақ моторикасын, түсті қабылдау, ойлау қабілеттерін дамыту. "Бағдаршамдар ұйықтамайды". Бағдаршамдар	"Пойыз" үстел ойыны. Мақсат-міндеттері. Балаларды текшелер немесе басқа біркелкі заттарды (лего бөлшектерін) бір қатарға тізіп, үстел басында пойыз тәрізді жүргізіп, пойыз шығаратын дыбыстарға еліктеп ойнауға ынталандыру; зейінді, дыбыстық сөйлеу мәдениетін	Саусақ жаттығуы. "Бағдаршамдар ұйықтамайды". Мақсат-міндеттері. Балалардың қолдарының ұсақ моторикасын дамыту, тілін, есту зейінін дамыту; бағдаршамның қызметі туралы алғашқы ұғымдарды қалыптастыру. Бағдаршамдар ұйықтамайды, (сұқ саусақпен бұлғау)	"Ойыншықтарды жолдан өткізейік" дидактикалық ойыны. Мақсат-міндеттері. Балалардың жол ережелері, жүргіншілер жолы туралы ұғымдарын қалыптастыру; қарапайым әлеуметтік дағдыларды игерту. Шарты: педагог жасыл таңбалауышты көрсеткенде қолға

	Шарты: әрбір көліктің көлеміне сай дөңгелектерді салып беру. - Көлікке сай дөңгелекті салайық, - Көшеге көлікті шығарайық.	ұйықтамайды, Жымыңдайды, жымыңдайды. Бір қарасаң – қып-қызыл, Екі десе – сап-сары. Тоқтай тұрсаң – жап-жасыл. Көзі көп, басы біреу. Д. Ахметова Педагог дөңгелектерді қатырма қағаздан немесе пластиктен ұсынуы мүмкін; әрбір балаға үш дөңгелектен беріледі.	қалыптастыру; эмоциялар сферасын дамыту. Шарты: заттарды (пішіндерді) бір қатарға тізіп, сол немесе оң жаққа итеріп жылжыту, педагогтің соңынан еліктеуіш сөздерді, "ү" дыбысын қайталау. "Ту-ту" жүрдік, Ту-ту-у ... Біз алысқа - Ту-ту-у .. Жүр соңымнан - Қалма! Кім өжет жан? Алға! Д. Ахметова	Жымыңдайды, жымыңдайды. (саусақтарды жұдырыққа жинау, жұму, алақанды ашу) Бір қарасаң – қып-қызыл, (саусақтармен "ашып-жұму") Екі десе – сап-сары. (саусақтармен "ашып-жұму") Бағдаршамдар ұйықтамайды, (сұқ саусақпен бұлғау) Жымыңдайды, жымыңдайды. (саусақтарды жұдырыққа жинау, жұму, алақанды ашу) Тоқтай тұрсаң – жап-жасыл. (саусақтармен "ашып-жұму") Көзі көп, біреу басы.	ұстаған ойыншықты "ала жолақтың" (жүргіншілер жолы) үстінен жүргізіп, "топ-топ-топ" сөздерін айтып өткізу. Педагог балаларға бағдаршамның түсі қызыл, сары, жасыл, дөңгелек таңбалауыштарын көрсетеді. Балаларға жасыл жанғанда өтуге болатынын түсіндіреді. Әрбір бала таңдаған ойыншығын жүргіншілер жолының үстімен өткізіп жатады. Жасыл жанса - күлейік, Жолдан өтіп жүрейік.
--	---	--	--	---	--

				(сұқ саусақпен бұлғау) (сөйлеуді дамыту)	
Ертеңгілік жаттығу	Жалпы дамытушы жаттығулар 1. Бастапқы қалып: аяқты алшақ қойып, допты оң қолмен ұстап тұру. 1-1 қолды жан-жаққа созу, қайтадан допты алу. 1-2 қолды алға созып, допты сол қолға ауыстыру, қолды жан-жаққа созу, бастапқы қалыпқа келу (3 рет). 2. Бастапқы қалып: аяқты алшақ қойып, допты алдыға екі қолмен ұстап тұру. 2-1 жерге отыру, допты жерге қою. 2-2 бастапқы қалыпқа келу. 2-3 жерге отыру, допты жерге қою. 2-4 бастапқы қалыпқа келу (4 рет). 3. Бастапқы қалып: аяқты алшақ қойып, допты алдыға екі қолмен ұстап тұру. 3-1 еңкею, допты жерге қою. 3-2 бастапқы қалыпқа келу. 3-3 еңкею, допты жерге қою. 3-4 бастапқы қалыпқа келу (3 рет). (мәдени-гигиеналық дағдылар, дене шынықтыру)				
Таңғы ас	"Қолды тазалап жуайық" ойын жаттығуы. Мақсат-міндеттері: жуу алгоритмін бекіту. Көркемсөз. Нан мен қасықты ал да, Тамақ ішуді баста! (Тусипжанова-Шагирова А.) Осы сөздерден кейін балалар таңғы асты бастайды. Таңғы ас кезінде педагог балалардың орындықта дұрыс отыруын қадағалайды. Үстел басында отырған бала өз қалпын сақтамаса, педагог балаға жақындап, орындықта				

	дұрыс отыру керектігін айтады. (мәдени-гигиеналық дағдылар, көркемсөз)				
Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық	Балалардың жағымды көңіл күйлерін қалыптастыру. Ұйымдастырылған іс-әрекетіне бірізділікте жағымды эмоциялық ахуалда ауысу үшін бәсеңдеу дыбыста салмақты әуенжазбасын қосу. Бір-бірімізге "Сәлем!" айтамыз, Бірге жүріп, тату ойнаймыз. Ендеше көлікке отырайық, Рульді ұстайық та бұрайық. Д. Ахметова				
Мектепке дейінгі ұйым кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет	Дене шынықтыру "Домалатайық қане біз". Мақсат-міндеттері. Балаларға допты екі қолымен ұстап, бір-біріне домалату жаттығуларын қайталату; допты тура көздеп, бір бағытқа домалата білу дағдыларын дамыту; балаларды қол мен саусақ бұлшық еттерін дамыта отырып, жаттығуларды	Музыка "Көңілді тоқаштар". Мақсат-міндеттері. Балалардың дәліз туралы әнді мұқият тыңдап, оның сыр-сипатын ажыратуды үйрету; әнді қабылдау қабілеті мен шығармашылыққа баулу; музыка әуенімен ырғақтық қимылдарды педагогке ілесе қайталай білуге машықтандыру;	Дене шынықтыру "Көліктегі жемістер". Мақсат-міндеттері. Балаларды допты екі қолмен кезек лақтыруды үйрету; лақтыру тәсілінің допты бастан жоғары лақтыру түрімен таныстыру; лақтыру тәсіліне машықтандыру. Балаларды лақтыру жаттығуын ынтамен жасауға құлшындыру; дене, қол және саусақ	Дене шынықтыру "Доптарды лақтырайық". Мақсат-міндеттері. Балаларды допты кеудесінен төмен ұстап, алдыға қарай жоғарыға лақтыру іскерліктерін жетілдіру; балаларды лақтыру жаттығуын ынтамен орындауға құлшындыру; дене, қол және саусақ бұлшық еттерін дамыту; допты бастан жоғары	Сурет салудан ойын-жаттығу "Пойыз келе жатыр". Мақсат-міндеттері. Балаларды сурет салуға арналған кескіннің пішінін алдына ала зерттей отырып салынатын орындарын бақылауды үйрету; қылқаламды үш саусақпен ұстап, ұшын бояуға малып, түгінің бетін "пойыз вагоны" аясына "пойыз терезелері"

	ынталанып жорындауға қызығушылықтарын арттыру; допты домалату техникасын жетілдіру; бір-біріне сенімділік сезіміне тәрбиелеу.	нанның қасиетімен таныстыру. "Ол не?" ойыны. Мақсат-міндеттері. Тоқаштың пішініне ұқсайтын заттарды табуды үйрету.	бұлшық еттерін дамыту; допты бастан жоғары лақтыру техникасын меңгерту және лақтыру қабілетін дамыту.	лақтыру техникасын меңгерту және лақтыру қабілеттерін кеңейту; лақтыру кезінде ептілік пен дәлдік дағдыларына тәрбиелеу. "Лақтырайық көліктен домалаған доптарды" қимыл ойыны. Мақсат-міндеттері. Допты басынан жоғары көтеріп, алысқа лақтыруды үйрету.	тәрізді етіп, бір қатармен біркелкі қимылдармен, жеке жақпалар қойып отыруға дағдыландыру; қылқаламды бояуға қайта малу амалын пысықтау; қылқаламмен салып жатқан жақпаларды байқап, бос жерлерге қайта салып отыруға және сурет аяқталған соң қылқаламды тіреушеге тіреп қоюға жаттықтыру; көлік түрі пойыз туралы түсінік беру. "Пойыз" қозғалыс ойыны. Мақсат-міндеттері. Балаларға бір-бірінің белдерінен қолмен ұстап, асықпай жүруді үйрету.

Серуенге дайындық	Балаларға өз киімдерін тануды, атауды, өз шкафын таңбалауыш арқылы табуды үйрету. (мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)				
Серуен	Күзгі күн райын бақылау. (қоршаған ортамен танысу, көркемсөз, сөйлеуді дамыту) Мақсат-міндеттері. Балаларға күз мезгілі жөнінде жалпы ұғымдар беру, күзгі күннің бұлтты және салқын болуына көңіл аудару, адамдардың жылы киінгенін байқату; зейін, ойлау қабілетін дамыту. - Балалар, айналаға қараңдаршы. - Ағаштардың жапырақтары қайда? - Жарайсыңдар! Жапырақтар түсіп қалды ма? - Жапырақтар қайда	Бағдаршамды бақылау. (қоршаған ортамен танысу, көркемсөз, сөйлеуді дамыту) Мақсат-міндеттері. Балаларға бағдаршам туралы ұғым беру, бағдаршамның түсі үш түрлі шамдарының кезегімен жанып, көше қозғалысына әсер етететінін байқату; байқағыштыққа, зеректікке тәрбиелеу. Егер жақын көшеде бағдаршам көрінбей жатса немесе бағдаршам болмаса, педагог	Көліктерді бақылау. (қоршаған ортамен танысу, көркемсөз, сөйлеуді дамыту) Мақсат-міндеттері. Балаларға көліктер жайлы ұғымдар қалыптастыру, көліктердің ары-бері бағытта жүретінін байқату; көліктердің дөңгелектері айналатыны туралы айтуға ынталандыру; зейін, ойлау қабілетін дамыту. Мәшинелер жүреді ары-бері, Алға және кері. Жүкті тасымалдайды, Жақын жерге, алысқа бағыттайды. Еңбекке баулу тапсырмалары:	Күнді бақылау. (қоршаған ортамен танысу, көркемсөз, сөйлеуді дамыту) Мақсат-міндеттері. Балаларға күннің аспанда орналасуын және жарқырағанын байқап, жылу мен жарықты беруі туралы айтылып жатқанда қолдарын жайып, жоғары созып, жағымды эмоцияларға бөленуге ынтыландыру; күн туралы алғашқы ұғымдарды қалыптастыру. Педагог балаларға қимылдарды көрсетіп жатады, балалар соңынан	Желді бақылау. (қоршаған ортамен танысу, көркемсөз, сөйлеуді дамыту) Мақсат-міндеттері. Балаларды ағаштың бұталарына қарап, желдің болғанын байқауды үйрету; байқағыштыққа, зеректікке тәрбиелеу. - Балалар, жел соғып тұр ма екен? - Ағаштардың бұтақтарына қарайықшы. Жел соғып, бізбен ойнайды, Ағаш-бұтақты шайқайды. Ары-бері шайқайды, "Ш-ш-ш" - деп дыбыстайды.

түсті? - Иә, жапырақтар жерде. Жақсы. - Аспанға қараңдаршы, балалар, сұр бұлттар көшіп барады. - Адамдарға қараңдаршы, балалар, далада ауа салқын, біз жылы киінеміз. - Біз нені кидік? Балалар жауап бермей жатса да, үстіне көрсете де алады. Қ. Ыдырысов "Күзім". Күзім-күзім, күзім-ау, Мінезің бұзық-ау. Жаңбырың сіркіреп Келгенің қызық-ау. Еңбекке баулу тапсырмалары: балаларға ағаштан түсіп қалған құрғақ	бағдаршамның нақпішінін немесе суретін көрсетуі мүмкін. - Балалар, бұл не? - Бұл бағдаршам. Қайталайықшы. - Жарайсыңдар! - Бағдаршам не үшін керек? "Бағдаршамдар ұйықтамайды". Бағдаршамдар ұйықтамайды, Жымыңдайды, жымыңдайды. Бір қарасаң қып-қызыл, Екі десең сап-сары. Тоқтай тұрсаң жап-жасыл. Көзі көп, біреу басы. Д. Ахметова Еңбекке баулу тапсырмалары: балаларды құмның	балаларды үчаскедегі орындықтарды қылшақтар арқылы құмнан тазалауға шақыру. Мақсат-міндеттері. Балаларды ересектің үлгісіне еріп, қарапайым еңбек әрекеттерін жасауға машықтандыру; топтастырымен бірге әрекет етуге, тазалыққа баулу; жағымды эмоцияларды дамыту. "Торғай мен автомобильдер" қимылды ойыны. (дене шынықтыру) Мақсат-міндеттері. Балаларды сигнал бойынша жан-жаққа шашырап жүгіре алу	қайталайды. Алтын күнге ұқсайық, Қолдарды кел, созайық. Қолдарымыз - шуақтар, Жайылады жан-жаққа. Еңбекке баулу тапсырмалары: балаларды сұхбатхананы құрғақ жапырақтардан тазалауға шақыру. Мақсат-міндеттері. Балаларды қарапайым еңбек әрекеттерін жасауға машықтандыру; топтастырымен бірге әрекет етуге баулу. "Пойыз" қимылды ойыны. (дене шынықтыру) Мақсат-міндеттері. Балаларды бір сапқа тұрып, бір-бірінен қалмай, бір-біріне соғылмай, ересек	- Желдің дыбысын біз қалай көрсетеміз? - Иә, "ш-ш-ш" дейміз. - Жарайсыңдар! Еңбекке баулу тапсырмалары: балаларды ағаштан түсіп қалған құрғақ бұтақтарды жинауға шақыру. Мақсат-міндеттері. Балаларды ересектің үлгісіне еріп, қарапайым еңбек әрекеттерін жасауға машықтандыру; топтастырымен бірге әрекет етуге баулу. "Пойыз" қимылды ойыны. (дене шынықтыру) Мақсат-міндеттері. Балаларды бір сапқа тұрып, бір-бірінен қалмай, бір-біріне соғылмай, ересек
---	---	---	---	---

бұтақтарды жинату. Мақсат-міндеттері. Балаларды педагогтің үлгісіне еріп, қарапайым еңбек әрекеттерін жасауға машықтандыру; топтастырымен бірге әрекет етуге баулу. "Қоңырауым қайда?" қимылды ойыны. (дене шынықтыру) Мақсат-міндеттері. Балаларды белгілі бағытта сигнал бойынша жүгіруге жаттықтыру. Педагог балаларға ойынның бастамасын көрсетеді. Қоңырауым қайда? Сыңғырлайды сайда. Кім адаспай тауып алады,	бетін ағаштан түсіп қалған ұсақ қоқыстардан тазалауға шақыру. Мақсат-міндеттері. Балаларды ересектің үлгісіне еріп, қарапайым еңбек әрекеттерін жасауға машықтандыру; топтастырымен бірге әрекет етуге баулу; тазалық әдетін дамыту. "Жалауға жүгір" қимылды ойыны. (дене шынықтыру) Мақсат-міндеттері. Балаларды көрсетілген белгі жалауға қарай жүгіруді үйрету; бұлшық еттерді дамыту, кеңістікті бағдарлау қабілетін дамыту.	дағдыларын қалыптастыру; жылдамдыққа, шапшаңдыққа тәрбиелеу; ойын сюжетіне ілесіп, торғайлардың қимылдарын сомдауға ынталандыру. Педагог балаларға торғайлар салынған қалташаларды үлестіреді. - Балалар, торғайлар қалай қимылдайды? Көрсетіңдерші. Педагог балаларға торғайлардың қолдарымен жан-жаққа жайып, бұлғауды көрсетеді. - Жарайсыңдар! - Балалар, торғайлар жолға отырып, жем шоқиды.	Балаларды ұшақ көлігін елестетіп, қолдарын жан-жаққа жайып, түрлі бағыттарға жүгіру және белгілі жерде тоқтай білу дағдыларын дамыту; зеректікке, шапшаңдыққа баулу. Педагог балаларға ұшақтың таңбалауыштарын таратады. - Балалар бұл біздің ұшақтар тұратын әуежай алаңы. Ұшақтар "У-у-у!" деп дыбыстап, аспанға көтеріліп ұшады, ал содан соң өз алаңына қайтады. - Мен "Ұшақтар, ұшыңдар!" дегенде сендер ұшақтарды жүргізіп, аспанға	бастаған бағытпен жүруді үйрету; өзге балалардың жанында ойын ойнап, жағымды әсерлерге бөлене білу қабілетін дамыту. Педагог балаларды сапқа жинайды. Балаларға смартфонға жазылған пойыз дыбысының аудиосын тыңдатуға болады. - Балалар, естіп тұрсыңдар ма? - Иә, бізді пойыз жолға шығуға шақырады. - Қанекей, сапқа жиналайық, пойыз болайық. Ту-ту жүрдік, Ту-ту-у ...
--	--	---	---	---

Қоңырырауды қолға алады. Балалар жасырынған қоңырауды тауып алып, қолға алып сыңғырлатады. Педагог келесі реттерде қоңыраудың орнын ауыстырып жасырады. "Ирелеңдеген жолдармен" ойын жаттығуы. (дене шынықтыру) Мақсат-міндеттері. Асфальт бетіне салынған (жерде жатқан арқан бойымен) ирелеңдеген сызықтардың бойымен жүруге жаттықтыру; арақашықты сақтауды үйрету.	- Балалар, жалаулармен ойнайықшы. Педагог түсі үш түрлі жалауды алаңның үш бағытына қадап қояды. - Балалар, мына жалаулардың түстерін атайықшы. (Қызыл, сары, жасыл.) - Жарайсыңдар! - Қазір мен атаған жалауға жүгірейік. Мұқият болыңдар. Педагог кезегімен үш жалаудың бір түсін атап, балаларды сол жаққа бағыттайды. - Қанекей, балалар, түзу тұр! - Қызыл (сары, көк) жалауға жүгір! Педагог балалардың бір-біріне	- Қалай шоқитынын көрсетейікші. Педагог балаларға торғайлардың жем шоқығанын, шоқайып отырып, саусақтарымен тізесіне соққылауды көрсетеді. - Жарайсыңдар! Педагог балалардың қимылдарын көркемсөзбен сүйемелдейді, жылжу бағытын реттеп, қадағалап жүреді. Торғайлар, торғайлар, Ұшыңдар, ұшыңдар! Жолға отырып қоныңдар, Жем шоқыңдар! Педагог рульді ұстап, автомобильді сомдайды, алаңда	ұшып жүресіңдер. - "Ұшақтар, алаңға!" дегенде менің жаныма жиналасыңдар, жерге шоқайып отырасыңдар. Келістік пе? Бастайық. - Қане, ұшақтар, ұшыңдар! Қолдарымызды жан-жаққа жаямыз, "У-ү-ү!" Біраздан кейін педагог балаларды алаңға шақырады, жүгіру кезіндегі қауіпсіздікті қадағалайды. Ойын екі рет жүргізіледі. "Шеңберден шықпа" жаттығуы. (дене шынықтыру) Мақсат-міндеттері.	Біз алысқа - Ту-ту-у .. Жүр соңымнан - Қалма! Кім өжет жан? Алға! Д. Ахметова Педагог саптың басына өзі тұрады, балалардың жүру бағытын, бір-біріне соғылмауын қадағалап жатады. "Әткеншек" қимылды ойыны. (дене шынықтыру) Мақсат-міндеттері. Балаларды шеңберге тұрып, тақпақ сөздеріне сай қимылдай білу қабілетін қалыптастыру. Бір жоғары, бір төмен, Күні бойы тербелем.
---	--	---	---	---

		соғылмауын ескертеді. "Аяқтың ұшына тұрып, ақырын жүрейік" жаттығуы. (дене шынықтыру) Мақсат-міндеттері. Балалардың бір сапта, бір бағытқа қарай аяқтың ұшымен жүре білу қабілетін дамыту; аяқ бұлшық еттерін, дене тепе-теңдігін дамыту, тыныс алу мүшелерін жетілдіру.	шоқайып отырған балаларға қарай жылжиды. Автомобиль келе жатыр! Абайлаңдар! Ұшыңдар жан-жаққа: - Кіш! Кіш! Ойын екі рет ойнатылады. "Тегіс жолмен жүреміз" ойын жаттығуы. (дене шынықтыру) Мақсат-міндеттері. Алға қарай жылжи отырып, қос аяқпен секіруге жаттықтыру. Далаға алып шығатын материалмен ойын ойнау. Мақсат-міндеттері. Барлығы бірлесіп ойнауға, ойыншықтарын	Балаларды шеңберге тұрып, шеңбердің бойымен қимылдауға баулу; кеңістікті бағдарлауға, мұқияттылыққа, достыққа тәрбиелеу.	Әткеншек-ау, әткеншек, Айнала бер бізбенен.
--	--	--	--	---	--

			бөлісуді үйрету.		
Серуеннен оралу	Балаларды жүйелі түрде шешінуді, киімдерді шкаф сөрелеріне қоюғды, қолдарын жууды үйрету. (мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)				
Түскі ас	"Қолды тазалап жуайық" ойын жаттығуы. Мақсат-міндеттері: жуу алгоритмін бекіту. Көркемсөз. Нан мен қасықты ал да, Тамақ ішуді баста! (Тусипжанова-Шагирова А.) Осы сөздерден кейін балалар таңғы асты бастайды. Таңғы ас кезінде педагог балалардың орындықтарда отыруын қадағалайды. Үстел басында отырған бала өз қалпын сақтамаса, педагог балаға жақындап, дұрыс отыру керектігін айтады. (мәдени-гигиеналық дағдылар, көркемсөз)				
Түскі ұйқы	Мақсат-міндеттері: дәретханаға бару, жуыну, киімдерін бүктеу, тыныш ұйықтау сияқты белгілі бір рәсімдерді сақтай отырып, ұйқыға өзін-өзі дайындау дағдыларын қалыптастыру. Балалардың тыныш ұйқысы үшін қолайлы жағдай жасау. Ұйықтар алдында шешінгенде, орындықтың арқалығына көйлек немесе жейделерін ілгізіп, ал орындықтың өзіне шалбарын, етектерін бүктеп қойдыру. "Әлди-әлди" әні. Көзімнің ағы-қарасы, Жүрегімнің парасы, Уайым-қайғы ойлатпас, Көңілімнің сапасы. Айналайын, шырағым! Көлге біткен құрағым! Маңдайдағы құндызым, Аспандағы жұлдызым. (көркем әдебиет, музыка)				

Біртіндеп ұйқыдан ояту, сауықтыру шаралары	Төсекте жатып керіліп-созылу, жаттығу жасау, өзін-өзі уқалау. Балалар әуезді музыка әуенімен оянады, содан кейін кереуеттің үстінде жатып, 5-6 жалпы даму жаттығуын орындайды. Басты оңға, солға бұру. Қолды, ішті, аяқты, өкшені жеңіл сипау. Екі аяқтың тізесін бүгіп, екі қолмен құшақтау және біртіндеп түзету. "Көңілді аяқтар" жаттығуы. Аяқтарды биік көтер, міне, былай, Топ, топ, топ! Көңілдірек! Биігірек! Міне былай: Хоп, хоп, хоп! Қоңыраулар сыңғыр-сыңғыр, Қатты-қатты, сылдыр-сыңғыр! Шап жүйрігім, шап-шап, Тпру - ру -у, тұлпарым: Тоқтат! Тоқтат! Шынықтыру шаралары. Дымқыл сүлгімен сүртіну. Жалпақтабандылықтың алдын алу мақсатында денсаулық кілемшелерімен жүру. Мәдени-гигиеналық дағдыларды жүзеге асыру жайындағы білімдерін бекіту. "Сылдыр, сылдыр, сылдыр су" ойын жаттығуы. (мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет, дене шынықтыру)
Бесін ас	"Қолды тазалап жуайық" ойын жаттығуы. Мақсат-міндеттері: жуу алгоритмін бекіту. Көркемсөз. Нан мен қасықты ал да, Тамақ ішуді баста! (Тусипжанова-Шагирова А.)

	Осы сөздерден кейін балалар таңғы асты бастайды. Таңғы ас кезінде педагог балалардың орындықтарда отыруын қадағалайды. Бала үстел басында дұрыс отырмаса, педагог балаға жақындап барып, дұрыс отыру керектігін ескертеді. (мәдени-гигиеналық дағдылар, көркемсөз)				
Балалардың дербес әрекеті (аз қимылды, үстел үсті ойындары, бейнелеу іс-әрекеті, кітаптарды қарау және басқалар)	Музыкадан ойын-жаттығу "Көліктер әні". Мақсат-міндеттері. Балаларды көліктер жайында әнді тыңдап, жағымды эмоциоланды жауап беруге ынталандыру; әннің сипаты мен қарқынын есте сақтау қабілетін жетілдіру; музыка әлеміне сүйіспеншілікке тәрбиелеу. "Не, қалай дыбыстайды?" дидактикалық ойыны. Мақсат-міндеттері.	Саусақ жаттығуы. "Жаңбыр жауса - тұрмайық". Мақсат-міндеттері. Балаларды педагогтің соңынан саусақтармен қимылдарды жасауға, жаңбырдың сипатын қабылдауға ынталандыру. Жаңбыр жауса – тұрмайық, (саусақтармен үстелге соққылау, сұқ саусақпен бұлғау) Қолға шатыр алайық (шапалақтау) Там-там – соқса тамшылар, (саусақтармен үстелге соққылау)	Құрастырудан ойын-жаттығу "Жүк машинасы жолы". Мақсат-міндеттері. Балаларды кірпіштен жүк машинасына кең жол салудың тәсілдеріне үйрету; кірпішті бір-біріне тізбектеп қосуға дағдыландыру; өзі жасаған еңбек нәтижесінен эмоциялық әсер алу қабілетін қалыптастыру; педагогтің көрсеткен тәсілдерін дұрыс ұғынып, жүк машинасын жасау икемділіктерін	Қоршаған ортамен танысудан ойын-жаттығу "Жүргізуші әрекетін бақылау". Мақсат-міндеттері. Балаларға көлік туралы жалпы түсінік беріп, жүк көлігі машинасымен таныстыру, жүк машинасының негізгі бөліктерін атай білуге үйрету, жүк машинасының пайдасы туралы түсінік беру. "Саяхатқа шығайық" ойын рефлексиясы. Мақсат-міндеттері. Балаларға бірлесіп ойын ойнауды	Көркем әдебиеттен ойын-жаттығу "Паровоз". Мақсат-міндеттері. Балаларды Қ. Мырза Әлидің "Паровоз" өлеңі үзіндісімен таныстыра отырып, ойын барысында паровоз көлігінің дыбысы, негізгі қимыл қасиеттері жөнінде түсінік беру; шығарма мазмұнын түсініп, сұрақтарға жауап беруге талпындыру. Балалардың тілін, ой-өрісін, қабылдау қабілетін, есте сақтауын дамыту. "Торғайлар мен

	Балаларды көліктердің дыбыстарына еліктеуге ынталандыру; көліктерді ажыратуды үйрету; жағымды эмоцияларға бөлену қабілеттерін дамыту. Педагог балаларға мәшине, паровоз дыбыстарын тыңдатады, олардың дыбыстарына еліктеу сөздерін айтқызады. Содан кейін аудиожазбаны тыңдатқанда балалар тырналарды, паровозды "ту-ту-ту", машинені "бип-бип" деп дыбыстайды.	Жамылып, отырайық (алақандармен бас төбесін жабу). Д. Ахметова	арттыру. Балалардың кірпіштен жүк машинасын жасауда қолдарының ұсақ моторикасын, зейіні мен байқағыштығын, ептілігі мен қабілетін дамыту. "Жүк машинасына кең жол" іс-тәжірибе жаттығуы. Мақсат-міндеттері. Кірпіштерден жүк машинасын құрастыруды үйрету. "Жүк көлігі не әкелді? ойыны. Мақсат-міндеттері. Баланың дүниетанымын кеңейту, заттарды атауға ынталандыру. Педагог ойыншық жүк көлігімен әртүрлі заттарды әкеледі,	үйрету. Ойын-имитация. "Алдымызда жолдар жатыр". Мақсат-міндеттері. Балаларға көлікті жүргізу қимылдарына еліктеуге үйрету; көлік жүргізуші және жолда жүру туралы ұғымдар беру; барлық баламен бірге жағымды көңіл күйге бөлене білу қабілетін дамыту. Құралдар: ойыншық рульдер, түрлі ойыншықтар. Педагог балаларға ойыншықтарын алдына алуға мүмкіндік береді. Балалар рульдерін бұраған болып, жағымды көңіл	автомобиль" қозғалыс ойыны. Мақсат-міндеттері. Балаларға бірлесіп ойнауды үйрету. "Пойыз" үстел ойыны. Мақсат-міндеттері. Балаларды текшелер немесе басқа біркелкі заттарды (лего бөлшектерін) бір қатарға тізіп, үстел басында пойыз тәрізді жүргізіп, пойыз шығаратын дыбыстарға еліктеп ойнауға ынталандыру; зейінді, дыбыстық сөйлеу мәдениетін қалыптастыру; эмоциялар сферасын дамыту. Шарты: заттарды (пішіндерді) бір
--	--	---	--	--	--

			бала оны атайды, түсі мен пішінін атап, онымен ойнау үшін өзінің қолына алады. Бұл ненің дыбысы? Бұл ненің жүрісі? - Биіп-биіп! Абайлаңдар, балалар! Шанағымда сендер үшін бар сыйлықтар! Д. Ахметова - Балалар, жүк көлігі не әкелді?	күйлерге бөленеді. Алдымызда жол жатыр, Жасыл орман, көкшіл шатыр, Жан-жағымыз гүлге толып, Артымызда қалып жатыр. Машинаға міндік, Көп жер көріп, білдік. Гүілдетіп, гүілдетіп, Көп ойнадық, көп күлдік. Д. Ахметова	қатарға тізіп, сол немесе оң жаққа итеріп жылжыту, педагогтің соңынан еліктеуіш сөздерді, "у" дыбысын қайталау. Ту-ту жүрдік, Ту-ту-у ... Біз алысқа - Ту-ту-у .. Жүр соңымнан - Қалма! Кім өжет жан? Алға! Д. Ахметова
Балалармен жеке жұмыс	"Пішіндер алқасы" дамытушы ойыны. "қызыл үшбұрыш" + "көк үшбұрыш" + "сары үшбұрыш" + "жасыл үшбұрыш"	"Жүрейік" қимыл жаттығуы. Жүрейік, жүрейік, Қолды көкке сермейік, Күнге сәлем берейік, Шапалақтап, күлейік.	Саусақ жаттығуы. "Жаңбыр жауса - тұрмайық". Жаңбыр жауса – тұрмайық, Қолға шатыр алайық Там-там соқса тамшылар, Жамылып отырайық. Д. Ахметова	"Алмалар". Мақсат-міндеттері. Ермексаздан көлемі бірдей кесектерді ұзу, шарларды илеу амалдарын игерту.	Қ. Мырза Әли "Паровоз". Пыс-пыс! - деді, Уһ-уһ! - деді Бір кезде. Пыш-пыш! - деді, Уф-уф! - деді Бір кезде. Тақы-түкі, Тақы-түкі, Тез өт! -

					деп, Тоқтамайды дөңгелектер безектеп.
Серуенге дайындық	Мақсат-міндеттері: шкафтан далаға киетін аяқ киімін алу дағдысын қалыптастыру, көмек сұрау кезінде сөзбен өтініш білдіруді үйрету, қабылдау бөлмесінде өзін-өзі ұстауды үйрету. Жазғы серуен кезіндегі ережелер: - серуен кезінде бас киім немесе орамал тағу; - ыстық күндері көлеңкеде ойнау (шатырша астында); - күнге тіке қарамау, себебі бұл көру қабілетін нашарлатуы мүмкін; - серуендеу кезінде әркім өз стаканынан қайнатылған суды ғана ішуге болады; - серуен кезінде жемістерді (алма және тағы басқа) жеуге болмайды, өйткені қол кір болады және онда ауру тудыратын микробтар болуы мүмкін. (мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)				
Серуен	Күзгі күн райын бақылауды жалғастыру. (қоршаған ортамен танысу, көркемсөз, сөйлеуді дамыту) Мақсат-міндеттері. Балаларға күз мезгілі жөнінде жалпы ұғымдар беру, күздің күннің бұлтты және салқын болуына көңіл аудару,	Бағдаршамды бақылау. (қоршаған ортамен танысу, көркемсөз, сөйлеуді дамыту) Мақсат-міндеттері. Балаларға бағдаршам туралы ұғым беру, бағдаршамның түсі үш түрлі шамдарының кезегімен жанып,	Көліктерді бақылау. (қоршаған ортамен танысу, көркемсөз, сөйлеуді дамыту) Мақсат-міндеттері. Балаларға көліктер жайлы ұғымдар қалыптастыру, көліктердің ары-бері бағытта жүретінін байқату; көліктердің дөңгелектері айналатыны туралы	Күнді бақылау. (қоршаған ортамен танысу, көркемсөз, сөйлеуді дамыту) Мақсат-міндеттері. Балаларға күннің аспанда орналасуын және жарқырағанын байқап, жылу мен жарықты беруі туралы айтылып жатқанда қолдарын жайып, жоғары	Желді бақылау. (қоршаған ортамен танысу, көркемсөз, сөйлеуді дамыту) Мақсат-міндеттері. Балаларды ағаштың бұталарына қарап, желдің болғанын байқауды үйрету; байқағыштыққа, зеректікке тәрбиелеу. - Балалар, жел соғып

адамдардың жылы киінгенін байқату; зейінді, ойлау қабілетін дамыту. - Балалар, айналаға қараңдаршы. Ағаштардың жапырақтары қайда? - Жарайсыңдар! Жапырақтар түсіп қалды. - Жапырақтар қайда түсті? - Иә, жапырақтар жерге түсті. Жақсы. - Аспанға қараңдаршы, балалар, сұр бұлттар аспанда көшеді. - Адамдарға қараңдаршы, балалар, күн салқындағанда біз жылы киінеміз. - Біз нені кидік? Балалар жауап	көше қозғалысына әсер етететінін байқату; байқағыштыққа, зеректікке тәрбиелеу. Егер жақын көшеде бағдаршам көрінбей жатса немесе бағдаршам болмаса, педагог бағдаршамның нақпішінін немесе суретін көрсетуі мүмкін. - Балалар, бұл не? - Бұл бағдаршам. Қайталайықшы. - Жарайсыңдар! - Бағдаршам не үшін керек? "Бағдаршамдар ұйықтамайды". Бағдаршамдар ұйықтамайды, Жымыңдайды,	айтуға ынталандыру; зейін, ойлау қабілетін дамыту. Мәшинелер жүреді ары-бері, Алға және кері. Жүкті тасымалдайды, Жақын жерге, алысқа бағыттайды. Еңбекке баулу тапсырмалары: балаларды үлескедегі орындықтарды қылшақтар арқылы құмнан тазалауға шақыру. Мақсат-міндеттері. Балаларды ересектің үлгісіне еріп, қарапайым еңбек әрекеттерін жасауға машықтандыру; топтастырымен бірге әрекет етуге, тазалыққа баулу;	созып, жағымды эмоцияларға бөленуге ынтыландыру; күн туралы алғашқы ұғымдарды қалыптастыру. Педагог балаларға қимылдарды көрсетіп жатады, балалар соңынан қайталайды. Алтын күнге ұқсайық, Қолдарды кел, созайық. Қолдарымыз - шуақтар, Жайылады жан-жаққа. Еңбекке баулу тапсырмалары: балаларды сұхбатхананы құрғақ жапырақтардан тазалауға шақыру. Мақсат-міндеттері.	тұр ма екен? - Ағаштардың бұтақтарына қарайықшы. Жел соғып, бізбен ойнайды, Ағаш-бұтақты шайқайды. Ары-бері шайқайды, "Ш-ш-ш" - деп дыбыстайды. - Желдің дыбысын біз қалай көрсетеміз? - Иә, "ш-ш-ш" дейміз. - Жарайсыңдар! Еңбекке баулу тапсырмалары: балаларды ағаштан түсіп қалған құрғақ бұтақтарды жинауға шақыру. Мақсат-міндеттері. Балаларды ересектің үлгісіне еріп, қарапайым еңбек әрекеттерін жасауға
---	--	---	--	--

бермей жатса да, үстінен көрсете де алады. Қ. Ыдырысов "Күзім". Күзім-күзім, күзім-ау, Мінезің бұзық-ау. Жаңбырың сіркіреп Келгенің қызық-ау. Еңбекке баулу тапсырмалары: балаларды ағаштан түсіп қалған ұсақ, құрғақ бұтақтарды жинауға шақыру. Мақсат-міндеттері. Балаларды ересектің үлгісіне еріп, қарапайым еңбек әрекеттерін жасауға машықтандыру; топтастырымен бірге әрекет етуге баулу. "Қоңырауым қайда?" қимылды ойыны. (дене шынықтыру)	жымыңдайды. Бір қарасаң қып-қызыл, Екі десең сап-сары. Тоқтай тұрсаң жап-жасыл. Көзі көп, біреу басы. Д. Ахметова Еңбекке баулу тапсырмалары: балаларды құмның бетін ағаштан түсіп қалған ұсақ қоқыстардан тазалауға шақыру. Мақсат-міндеттері. Балаларды ересектің үлгісіне еріп, қарапайым еңбек әрекеттерін жасауға машықтандыру; топтастырымен бірге әрекет етуге баулу; тазалық әдетін дамыту. "Жалауға жүгір"	жағымды эмоцияларды дамыту. "Торғай мен автомобильдер" қимылды ойыны. (дене шынықтыру) Мақсат-міндеттері. Балаларды сигнал бойынша жан-жаққа шашырап жүгіре алу дағдыларын қалыптастыру; жылдамдыққа, шапшаңдыққа тәрбиелеу; ойын сюжетіне ілесіп, торғайлардың қимылдарын сомдауға ынталандыру. Педагог балаларға торғайлар салынған қалташаларды үлестіреді. - Балалар, торғайлар	Балаларды қарапайым еңбек әрекеттерін жасауға машықтандыру; тазалыққа, еңбексүйгіштікке тәрбиелеу. "Ұшақтар" қимылды ойыны. (дене шынықтыру) Мақсат-міндеттері. Балаларды ұшақ көлігін елестетіп, қолдарын жан-жаққа жайып, түрлі бағыттарға жүгіру және белгілі жерде тоқтай білу дағдыларын дамыту; зеректікке, шапшаңдыққа баулу. Педагог балаларға ұшақтың таңбалауыштарын таратады. - Балалар бұл біздің	машықтандыру; топтастырымен бірге әрекет етуге баулу. "Пойыз" қимылды ойыны. (дене шынықтыру) Мақсат-міндеттері. Балаларды бір сапқа тұрып, бір-бірінен қалмай, бір-біріне соғылмай, ересек бастаған бағытпен жүруді үйрету; өзге балалардың жанында ойын ойнап, жағымды әсерлерге бөлене білу қабілетін дамыту. Педагог балаларды сапқа жинайды. Балаларға смартфонға жазылған пойыз дыбысының аудиосын тыңдатуға
--	---	---	---	--

Мақсат-міндеттері. Балаларды белгілі бағытта сигнал бойынша жүгіруге жаттықтыру. Педагог балаларға ойынды бастап береді. Қоңырауым қайда? Сыңғырлайды сайда. Кім адаспай тауып алады, Қоңырырауды қолға алады. Балалар жасырынған қоңырауды тауып алып, қолға алып сыңғырлатады. Педагог келесі жолы қоңыраудың орнын ауыстырып жасырады. "Ирелеңдеген жолдармен" ойын жаттығуы. (дене шынықтыру)	қимылды ойыны. (дене шынықтыру) Мақсат-міндеттері. Балаларды көрсетілген белгі жалауға қарай жүгіруді үйрету; бұлшық еттерді дамыту, кеңістікті бағдарлау қабілетін дамыту. - Балалар, жалаулармен ойнайықшы. Педагог түсі үш түрлі жалауды алаңның үш бағытына қадап қояды. - Балалар, мына жалаулардың түстерін атайықшы. (Қызыл, сары, жасыл.) - Жарайсыңдар! - Қазір мен атаған жалауға жүгірейік.	қалай қимылдайды? Көрсетіңдерші. Педагог балаларға торғайлардың қолдарымен жан-жаққа жайып, бұлғауды көрсетеді. - Жарайсыңдар! - Балалар, торғайлар жолға отырып, жем шоқиды. - Қалай шоқитынын көрсетейікші. Педагог балаларға торғайлардың жем шоқығанын, шоқайып отырып, саусақтарымен тізесіне соққылауды көрсетеді. - Жарайсыңдар! Педагог балалардың қимылдарын көркемсөзбен сүйемелдейді, жылжу бағытын	ұшақтар тұратын әуежай алаңы. Ұшақтар "У-у-у!" деп дыбыстап, аспанға көтеріліп ұшады, ал содан соң өз алаңына қайтады. - Мен "Ұшақтар, ұшыңдар!" дегенде сендер ұшақтарды жүргізіп, аспанға ұшып жүресіңдер. - "Ұшақтар, алаңға!" дегенде менің жаныма жиналасыңдар, жерге шоқайып отырасыңдар. Келістік пе? Бастайық. - Қане, ұшақтар, ұшыңдар! Қолдарымызды жан-жаққа жаямыз, "У-у-у!" Біраздан кейін	болады. - Балалар, естіп тұрсыңдар ма? - Иә, бізді пойыз жолға шығуға шақырады. - Қанекей, сапқа жиналайық, пойыз болайық. Ту-ту жүрдік, Ту-ту-у ... Біз алысқа - Ту-ту-у .. Жүр соңымнан - Қалма! Кім өжет жан? Алға! Д. Ахметова Педагог саптың басына өзі тұрады, балалардың жүру бағытын, бір-біріне соғылмауын қадағалап жатады. "Әткеншек" қимылды ойыны.
--	--	---	---	--

	Мақсат-міндеттері. Асфальт бетіне салынған (жерде жатқан арқан бойымен) ирелеңдеген сызықтардың бойымен жүруге жаттықтыру; арақашықты сақтауды үйрету.	Мұқият болыңдар. Педагог кезегімен үш жалаудың бір түсін атап, балаларды сол жаққа бағыттайды. - Қанекей, балалар, түзу тұр! - Қызыл (сары, көк) жалауға жүгір! Педагог балалардың бір-біріне соғылмауын ескертеді. "Аяқтың ұшына тұрып, ақырын жүрейік" жаттығуы. (дене шынықтыру) Мақсат-міндеттері. Балалардың бір сапта, бір бағытқа қарай аяқтың ұшымен жүре білу қабілетін дамыту; аяқ бұлшық еттерін, дене тепе-теңдігін дамыту, тыныс алу мүшелерін	реттеп, қадағалап жүреді. Торғайлар, торғайлар, Ұшыңдар, ұшыңдар! Жолға отырып қоныңдар, Жем шоқыңдар! Педагог рульді ұстап, автомобильді сомдайды, алаңда шоқайып отырған балаларға қарай жылжиды. Автомобиль келе жатыр! Абайлаңдар! Ұшыңдар жан-жаққа: - Кіш! Кіш! Ойын екі рет ойнатылады. "Тегіс жолмен жүреміз" ойын жаттығуы. (дене шынықтыру) Мақсат-міндеттері.	педагог балаларды алаңға шақырады, жүгіру кезіндегі қауіпсіздікті қадағалайды. Ойын екі рет жүргізіледі. "Шеңберден шықпа" жаттығуы. (дене шынықтыру) Мақсат-міндеттері. Балаларды шеңберге тұрып, шеңбердің бойымен қимылдауға баулу; кеңістікті бағдарлауға, мұқияттылыққа, достыққа тәрбиелеу.	(дене шынықтыру) Мақсат-міндеттері. Балаларды шеңберге тұрып, тақпақ сөздеріне сай қимылдай білу қабілетін қалыптастыру. Бір жоғары, бір төмен, Күні бойы тербелем. Әткеншек-ау, әткеншек, Айнала бер бізбенен.
--	---	---	--	---	---

		жетілдіру.	Алға қарай жылжи отырып, қос аяқпен секіруге жаттықтыру. Далаға алып шығатын материалмен ойын ойнау. Мақсат-міндеттері. Барлығы бірлесіп ойнауға, ойыншықтарын бөлісуді үйрету.		
Серуеннен оралу	Өз шкафын белгі бойынша тауып алуды, өз киімін өздігінен шешуді, өз қажеттері жайында айтуды үйрету. (дербес қимыл әрекеті)				
Балалардың дербес әрекеті (аз қимылды, үстел үсті ойындары, бейнелеу іс-әрекеті, кітаптарды қарау және басқалар)	Кітап бұрышында: өткен тақырыптар бойынша суреттерді қарау, сипаттау; ертегілерді есте жаңғырту, кейіпкерлердің сөздерін қайталау. (коммуникативті дағдылар, көркем әдебиет, сөйлеуді дамыту) Қиылған бөліктерді тұтас суретке жинау ойындары (2-4 бөлік). (сенсорика) Ұяшықтарға пішіндерді салу ойындары. Бауы байланатын ойыншықтармен ойындар. Мақсат-міндеттері: қолдың ұсақ моторикасын, ойлау, зейін қабілеттерін дамыту. Ән салу жаттығулары: көлік түрлері туралы ән салуға шақыру. Музыка ұйымдастырылған іс-әрекетінде өткен әндерді пысықтау. (музыка) "Көлік жүргізушілері" сюжетті-рөлдік ойыны. Мақсат-міндеттері: балаларды жүргізуші мамандығымен таныстыру. Балаларды ойын арқылы қарым-қатынас орнатуға үйрету. Екі кейіпкердің өзара әрекеттесу қабілетін қалыптастыру (жүргізуші - жолаушы). Балаларға белгілі бір рөлге қажетті атрибуттарды табуды				

	үйрету. "Мәшинелер жүреді" саусақ жаттығуы. (сөйлеуді дамыту) Мақсат-міндеттері. Балаларды тақпақтың ырғағы мен мазмұнына сай саусақ жаттығуын жасауға ынтыландыру; қолдың ұсақ моторикасын, жағымды әсер алу қабілетін қалыптастыру. Құралдар: көліктердің суреттері немесе ойыншық мәшинелер. Педагог балалардан балабақшаға мәшине немесе автобуспен жеткенін сұрап жатады, мәшиненің (көліктің) суретін көрсетеді. Жаттығу саусақтарды үстел бетіне жүргізіп, жұдырықтарды қысып, содан соң қолдарымен бұлғау арқылы орындалады. Мәшинелер жүреді ары-бері, Алға және кері. Жүкті тасымалдайды, Жақынға да, алысқа да зырылдайды. Өнер бұрышында көлік түрлерінің суретін бояу, мүсіндеу, жапсыру, құрастыру. (шығармашылық дағдылар)
Балалардың үйге қайтуы (ата-аналарға кеңес)	Әңгімелесу: "Баланы бағдаршаммен таныстыру", "Көліктің негізгі құрылымы", "Баламен жол жүру және жол жүру ережесі".

Тексерген: Бекишева М.А. 